

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК
2024-2025 оқу жылындағы № 5 –ші жоспардан тыс педагогикалық кеңесінің
хаттамасы (көшірмесі)

Өткізілген уақыты: 31 наурыз.2025ж

Қатысқандар саны: 8 педагог, медбике, есепші, шаруашылық меңгерушісі

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде: «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК өзін-өзі бағалау қорытындысы

Тыңдалды:

Бөбекжай-бақшасының директоры Косниязова Г.Т сөз алып мемлекеттік аттестаттау алдында «Балдырған» бөбекжай-бақшасы өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу 2025жылдың 03 наурызынан бастап 2025жылдың 31 наурызына дейін өткізілді.

Бағалау барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылдағы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар» қолданылды.

Комиссия мүшесі (бөбекжай-- әдіскер) Искалиева Ж.А. бағалау өлшемшартының 1-қосымшасына сәйкес қортындылады.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының оқу жоспарлары, перспективалық жоспарлары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің бөліну кестелері МЖМБС талаптарына, ҚР білім және ғылым министрінің 20.12.2012ж «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» №557 бұйрығын, ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес екендігін айтты.

Комиссия мүшесі (бөбекжай тәрбиешісі) Қосниязова Маржан Мергенқызы сөз алып келесі бағалау өлшем шарттарының қорытындысын мәлімдеді. Барлық 3 топтың пәндік-кеңестік дамытушы орталары балаларға қол жетімді, жас ерекшеліктеріне сәйкес денсаулықтарына қауіпсіз жасалғандығын айта отырып, жалпылама бағалап ортақ жақсы деген баға берді. Барлық топтың сағат сандары, апталық оқу жүктемелері сақталғандығын айтты.

Комиссия мүшесі (есепші) Кужаниязова Нургул Сагынғалиевна әдістемелік ұсынымның 1-қосымшасының 5 бөлімі бойынша бөбекжай-бақшасының материалдық базасының жағдайын жабдықтар мен жихаздардың жүк құжаттарының тізбесін және бухгалтерлік есептілік деректері туралы қорытындылады. Бөбекжай-бақшасында 8 педагог бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМТС 2 қосымшасына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптарды анықтау үшін балалардың даму мониторингісі, баланың даму картасы толтырылған, жиынтық есебі жасалған, бағалаған 3 оқу жылының құжаттары түгел, сәйкес келеді.

Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасының нәтижесі бойынша бөбекжай-бақшасы 2025 жылдың мамыр айында мемлекеттік аттестациядан өту үшін білім беру ұйымдағы педагогтардың және ата-аналары арасындағы білім беру қызметіне

қанағаттану деңгейін айқындау үшін онлайн форматта сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде «мәртебесіне сай» деген бағаға ие болады.

Ұсыныстар: 1. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру үшін жұмыстары жалғастырылсын.

2. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткішінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.

Қорытынды:

1. «Балдырған» бөбекжай-бақшасы 03.03.2025 жылғы «Балдырған» бөбекжай-бақшасы қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы бұйрығы негізінде ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «үлгілі» деңгейде деп есептелсін.

2. Өзін-өзі бағалау материалдарды бөбекжай-бақшасының интернет-ресурсына (сайт) орналастырылсын және сілтемесі (01.04.2025 ж дейін ММ «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне» ұсынылсын.

3. Бөбекжай-бақшасының басшысы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің және мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК-ның өзін-өзі бағалау қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:

Г.Т. Косниязова

Г.Ө. Нұрғали

